



BAITEREK

2016 ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП

Мазмұны

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі	4
2016 жылдың негізгі көрсеткіштері	8
Қазақстан экономикасына шолу	10
Холдинг тарихы мен жетістіктері	16
Басқарма Төрағасымен сұхбат	20
«Бәйтерек» холдингі: One-Stop-Shop	24
«Бәйтеректің» кешенді қолдауы	25
Қаржылық және қаржылық емес көмектің негізгі бағыттары	26
Бәйтерек – негізгі мемлекеттік бағдарламалардың басты операторы	30
Біздің жобаларымыз	32
Қазақстандағы инвесторларға арналған мүмкіндіктер	36
«Бәйтерек» холдингімен әріптестікте инвестициялау нұсқалары	37
Холдингпен әріптестіктегі инвестициялардың басымдықтары	37
Холдинг қызметін мемлекеттік қаржыландыру	38
Біздің әріптестеріміз	39
Корпоративтік басқару және кадрлық саясат	42
Қаржы есеп-қисабы	49
Холдингтің еншілес ұйымдары	50

2016 жылғы жылдық есептің онлайн нұсқасымен танысу үшін www.baiterek.gov.kz сілтемесіне өтіңіз немесе QR-кодын сканерлеу қажет.



АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

2016 жылы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі ойластырылған инвестициялық және қаржылық саясатының арқасында сүбелі нәтижелерге қол жеткізді.

Таза кіріс 48 млрд-тан асып жығылды. Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында ел өңірлерінде 19 366 жаңа жұмыс орны ашылды. «Бәйтерек» даму институттары жалпы алғанда 606 млрд теңгеге 13,2 мың шағын және орта бизнес кәсіпорнына қаржылай көмек көрсетті. Экономиканы өртараптандыруға мүмкіндік беретін ірі инвестициялық жобаларды қолдауға 182,2 млрд теңге жұмсалды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша 2016 жылдың соңында Холдингінің қатысуымен жаңа «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы әзірленді, онда халық үшін ипотекалық кредитті арзандатуға, жеке құрылыс салушыларды ынталандыруға, халықтың әлеуметтік осал топтарына жалдамалы баспана салуға, жеке тұрғын үй құрылысын, құрылыс индустриясы мен отандық

құрылыс материалдары өндірісін дамытуға септігін тигізетін бұрын қолданыста болған және жаңа тетіктер жұмылдырылған.

2016 жылы барлығы 456,5 мың шаршы метрді құрайтын тұрғын үй пайдалануға берілді. Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы ел өңірлерінде халық тарапынан 7 295 пәтер сатып алынды.

Холдинг Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 5 институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын, «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың, 2015-2019 жылдарға арналған елді индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасын жүзеге асыруға қатысушылардың бірі болып табылады.

2017 жылдың басында Елбасы Қазақстанның үшінші жаңғыруын хабарлап, жаңа жаһандық шынайылық тегеурініне жауап беретін экономикалық өсімнің жаңа моделін қалыптастыру міндетін алға қойды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі бес стратегиялық бағыт бойынша жұмыс жүргізеді. Бұл ірі бизнесті қолдау. Шағын және орта бизнесті қолдау. Азаматтарға баспананың қолжетімділігін қамтамасыз ету. Отандық өндірушілердің экспорттық әлеуетін арттыру. Трансферт және инновациялар енгізу.

Холдинг Қазақстан экономикасының басым секторларына қаржылай мемлекеттік қолдау көрсетуде, сондай-ақ мемлекеттік емес және шетел инвестицияларын тартуда, мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі жүйесін дамытуда үлкен рөл ойнауы тиіс.

Қойылған жаңа міндеттерге байланысты Холдинг өзгеретін, өз жұмысының тиімділігін арттыратын болады.

Директорлар кеңесі корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне бейім екенін растайды әрі алдағы уақытта жұмыс тиімділігі мен айқындылығын арттыруға септігін тигізуге ниетті.

**«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы,
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Бақытжан Сағынтаев**

Миссиясы

Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және «2050 – стратегиясымен» қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты дамуына жәрдемдесу.

Пайымы

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ – Қазақстан Республикасы Үкіметінің корпоративтік басқарудың озық стандарттарына сәйкес келетін және Қазақстан экономикасының оны әртараптандыру, инновацияларды қолдау, экспортты дамыту, еңбек өнімділігін арттыру жолымен тұрақты дамыту жөніндегі міндеттердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін негізгі институты.



Бәйтерек — бұл Қазақстанның мемлекеттік құрылысының беріктігін бейнелейтін, өзінің тарихи тамырын сақтап қалған, тірегі берік және болашақта гүлденуге ұмтылатын аңызға айналған ағаш, татулық нышаны. Бәйтерек Холдингі, даму институты ретінде — аналогия бойынша — Қазақстан экономикасын нығайту және әртараптандыру мақсатында қазақстандық бизнеске қолдау көрсетеді.

Холдинг құрылымы және қолдау құралдары

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ – қазақстандық экономиканың түрлі субъектілерін қолдау құралдарының ауқымды спектрін пайдаланатын 11 өншілес ұйымды қамтитын біріктірілген даму институты.

		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Құралдар												
Ірі бизнес	Қарыздық қаржыландыру	●										
	Үлестік қаржыландыру			●	●							
	Проблемалық несиелер			●								
	Кепілдіктер мен сақтандыру	●	●									
	Лизинг	●										
	Жобаларды консультативтік қолдау					●						
Кіші және орта бизнес	Қаржылық қолдау *						●					
	Гранттар							●				
	Кеңес беру						●	●				
	Венчурлық қаржыландыру							●				
	Құзыреттілікті дамыту						●					
Тұрғын үйге қаржылық қолжетімділікті қамтамасыз ету	ЖАО бағалы қазғадарын сатып алу арқылы құрылыс салушыларды қаржыландыру											●
	Ипотекалық несиелер беру								●	●		
	Субсидиялау									●		
	Арендалық тұрғын үй									●		●
	Үлескерлік тұрғын үй құрылысын кепілдендіру										●	
Экспорттық әлеуетті арттыру	Кепілдіктер мен сақтандыру		●									
	Экспорттық және экспорталды қаржыландыру	●										
Трансферт және инновацияны енгізу	Венчурлық қаржыландыру							●				
	Құзыреттілікті дамыту							●				
	Гранттар							●				

* ЕДБ-де келісілген орналастыруды Қосқанда, пайыздық мөлшерлемелерді мемлекеттік субсидиялауды, кепілдіктерді беру.

1 Қазақстанның даму банкі
БЕТ 50

2 KazakhExport
БЕТ 52

3 ifk INVESTMENT FUND OF KAZAKHSTAN
БЕТ 54

4 KAZYNA CAPITAL MANAGEMENT
БЕТ 56

5 KPPF Kazakhstan Project Preparation Fund
БЕТ 58

6 DAMU КОСПЕКЕРЛІК ДАМУ ҚОРЫ
БЕТ 60

7 NATD national agency for technological development ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖЕҢІЗЕТІ ҰЛТТЫҚ АГЕНТТІК
БЕТ 62

8 ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОЛАЛ БАНКІ
БЕТ 64

9 КАЗАҚСТАН ИПОТЕКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ
БЕТ 66

10 ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНА КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
БЕТ 68

11 БАЙТЕРЕК DEVELOPMENT
БЕТ 70

2016 жылдың негізгі көрсеткіштері

Капитал

943,4

млрд теңге

Баспана
пайдалануға берілді

456,5

мың м²

Кредиттік
рейтинг

**Fitch/BBB,
S&P/BB+**

Негізгі капиталға
инвестицияларды
банктік
қаржыландырудың
үлесі

28%

Кредиттік
қоржын

2 390

млрд теңге

Экономиканың
шикізаттық емес
секторларын ұзақ
мерзімді кредиттеуге
Холдингтің қосқан үлесі

57%

Инвестициялық
қоржын

518

млрд теңге

Екінші деңгейлі
банктердің ШОБ
кредиттеуінің жалпы
көлемінен үлесі

30,5%

Жаңа жұмыс орны
құрылды

19,4

мың

Бір жылда банк
берген ипотекалық
қарыздардың жалпы
көлеміндегі үлесі

67%

Жұмыс орны
сақталды

76,3

мың

606 млрд теңге
сомасына және
орта бизнес (ШОБ)
жобасына қолдау
көрсетілді

13,2

мың

Холдингінің негізгі қаржылық көрсеткіштері


	2015	2016	Өзгеріс 2016/2015, +/-	Өзгеріс 2016/2015, %
Активтер	3 460	4 103	0,64	18,6
млрд теңге				
Міндеттемелер	2 597	3 160	0,56	21,7
млрд теңге				
Таза пайда	49,4	48,6	-0,83	-1,7
млрд теңге				
ROA	1,7	1,3	-0,4	-23,5
%				
Қарыз/капитал	3,01	3,35	0,34	11,3
%				
Холдингінің жалпы активтерінен кредиттік және инвестициялық қоржын үлесі	65	71	6	9,2
%				

* Теңгенің долларға шаққандағы бағамы: 2015 – 221,73 KZT/USD; 2016 – 342,16 KZT/USD
Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қазақстан экономикасына шолу

ҚАЗАҚСТАН ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША

Қазақстан – тәуелсіздігін 1991 жылдың 16 желтоқсанында жариялаған президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет, бұрынғы КСРО республикасы.



Халқы:

18 млн адам

Тілі:

Қазақ – мемлекеттік
Орыс – ресми (іскерлік айналымда мемлекеттік тілмен қатар қолданылуы мүмкін)

Діні:

Зайырлы мемлекет; мұсылмандар 70%, христиандар 26%

Халқының этникалық құрамы:

Қазақтар – 63,07%, орыстар – 23,7%, өзбектер – 2,85%, украиндар – 2,08%, ұйғырлар – 1,4%, татарлар – 1,28%, немістер – 1,11%, басқалар – 4,51%

Аумағы:

2 724,9 мың шаршы километр, әлемде тоғызыншы орында

Жалпы ұзындығы 13 200 км болатын (құрлықта) шекарасы Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен, Қырғызстан Республикасымен, Өзбекстан Республикасымен және Түркменстан Республикасымен шектеседі

Республиканың негізгі сауда серіктестері – Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Еуропа мемлекеттері және ТМД

Ұлттық валютасы:

Теңге

2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстанның кредиттік рейтингтердегі орны

Moody's: Baa3 (Жағымсыз) – 2016 жылдың сәуірі
S&P: BBB- (Жағымсыз) – 2016 жылдың ақпаны
Fitch: BBB (Тұрақты) – 2016 жылдың сәуірі

Бес жылдағы негізгі көрсеткіштер

	2012	2013	2014	2015	2016*
Халық саны, млн адам	16,7	16,9	17,1	17,4	17,7
ЖІӨ, трлн теңге	31,0	36,0	39,7	40,9	46,2
ЖІӨ, млрд АҚШ доллары	208,0	236,6	221,4	184,4	135,0
Кен шығару салаларының шығарылымы, ЖІӨ-ден %	33%	30%	28%	18%	20%
Экспорт, млрд АҚШ доллары	86,4	84,7	79,5	46,0	36,8
Импорт, млрд АҚШ доллары	46,4	48,8	41,3	30,6	25,1
Бюджет кірісі, ЖІӨ-ден %	18,7%	17,7%	18,5%	18,7%	20,2%
Бюджет тапшылығы, ЖІӨ-ден %	2,9%	1,9%	2,7%	2,2%	1,6%
АҚШ долларының орташа бағамы, теңге	149,1	152,1	179,2	221,7	342,1

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика жөніндегі комитеті

* 2016 – оперативті деректер.

Инвестициялық тартымдылық факторлары

1. Тұрақты өсімді қамтамасыз етуге бағытталған саяси тұрақтылық және реформа

2012 жылдың желтоқсанында Елбасы Н. Назарбаевтың ел халқына Жолдауында 2050 жылға дейінгі Қазақстан Республикасын дамыту стратегиясы ұсынылды. Оның басты мақсаты – күшті мемлекет, дамыған экономика және жалпыға ортақ еңбек мүмкіндіктері негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанды әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына қосу.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін «Қазақстан-2050» Стратегиясы жеті ұзақ мерзімді басымдықты жүзеге асыруды көздейді:

1. Жаңа бағамның экономикалық саясаты – табыстылық, инвестициядан қайтару және бәсекеге қабілеттілік принциптеріне негізделі отырып бәрін қамтитын экономикалық прагматизм;
2. Кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау;
3. Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік;
4. Білім және кәсіптік дағдылар – білім берудің, кадрларды даярлаудың және қайта даярлаудың заманауи жүйесінің негізгі бағдарлары;
5. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту;
6. Бірізді әрі болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүддені алға бастыру, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту;
7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты әрі көпконфессиялы қоғамымыздың жетістігінің негізі.


2. Адами ресурстар және еңбек нарығының тиімділігі

Адами капитал экономикадағы негізгі активтердің бірі және мемлекет оны дамытуға көп көңіл бөледі. Тұтастай алғанда, Қазақстанда жалпыға ортақ сауаттылық деңгейі өте жоғары: Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасының баяндамасына сүйенсек, 2016 жылы – 25 жастан жоғары қазақстандықтардың 100%-ы орта білімге ие екен.

1991 жылы тәуелсіздік алған сәттен бері Қазақстаннан 100 мыңнан астам студент шетелде жоғары білім алды. Болашақ президенттік бағдарламасы бойынша шетелде оқыған қазақстандықтар саны – әлемнің 35 елінің 170 үздік жоғары оқу орнында 12 000 адамнан асып жығылады. Одан басқа, Қазақстанда қала халқы арасында ағылшынша сөйлейтіндер пайызы салыстырмалы түрде жоғары. 2020 жылға қарай білім беру жүйесіне аталған көрсеткішті еселей түсуге мүмкіндік беретін үштілділікті – қазақ, ағылшын, орыс тілдерін толық енгізу жоспарда бар.

Қазақстан «Еңбек нарығының жоғары тиімділігі» көрсеткіші бойынша 138 ел арасында 20-шы орынды иеленеді.

Еңбек нарығының тиімділігі Мемлекет, рейтинг (138 арасында)



Дүниежүзілік экономикалық форум, Жаһандық бәсекелестік жөніндегі есеп 2015-2016


3. Қолайлы бизнес климат

Қазақстан инвесторлар үшін қолайлы бизнес-климат жасауға және кәсіпкерлік қызмет жүргізу жағдайларын жақсартуға ерекше көңіл бөледі.

2017 жылдан бастап ОЭСР және ЕАЭЫ елдерінің азаматтары Қазақстанда визасыз 30 күн бола алады.


Дүниежүзілік банктің және «Doing Business 2017» халықаралық қаржы корпорациясының рейтингіне сүйенсек, бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша Қазақстан әлемде 35 орынды иеленеді.

Қазақстан «Бизнесті жүргізу жеңілдігі» көрсеткіші бойынша 190 елдің ішінде 35-ші орынды иеленеді



World Bank Group, Doing Business 2017

Қазақстан «Экономикалық еркіндік индексі» көрсеткіші бойынша 180 елдің ішінде 42 орынды иеленеді



The Heritage Foundation, 2016

4. Қолайлы орналасу

Қазақстан Еуразия континентінің жүрегінде орналасқан, Қазақстан аумағы арқылы бір кездері Ұлы Жібек Жолы өткен. Азия-Тынық мұхиты өңірін Таяу және Орта Шығыспен және Еуропамен жалғайтын негізгі трансконтиненталды бағдарлар Қазақстан арқылы өтеді. БҰҰК «төрттігінің» үшеуі Қазақстанға жақын орналасқан: Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы және Үнді Республикасы.



Ұлы Жібек жолының баламасына айналған және Қазақстан аумағы арқылы өтетін жаңа бағыт құрлық жолы арқылы жүкті Қытайдан Еуропаға жеткізу мерзімін екі есеге қысқартуға мүмкіндік берді.

5. Табиғат ресурстарының байлығы

Қазақстанның басты байлықтарының бірі – бұл оның пайдалы қазбалар қоры.

РЕСУРС	ӘЛЕМДЕГІ ОРНЫ
Мырыш, вольфрам, барит	#1
Күміс, қорғасын, хромит, уран	#2
Мыс, флюорит	#3
Молибден	#4
Алтын	#6
Көмір	#8
Мұнай	#9

Қазақстан туралы ақпарат дереккөздері

www.invest.gov.kz — «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы» АҚ

www.nationalbank.kz — Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

www.stat.gov.kz — Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті

www.hdr.undp.org/en/countries/profiles/KAZ — Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы

2016 жылдағы Қазақстан экономикасындағы негізгі трендтер

Былтырғы жыл 2015 жылдың соңындағы дағдарыстық процестердің шиеленісуінен кейін экономиканың тез қалпына келгенін көрсетті — бірінші тоқсанда Қазақстан ЖІӨ 0,1%-ға қысқарды, бірақ соңғы тоқсанда-ақ 2016 жылы сенімді өсуге мүмкіндік туғыза отырып, 3%-ға өсті. 16 өңірдің 12-сі оң нәтиже көрсетті, ал экономикалық өсім бойынша Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облыстары көшбасшы атанды. Анағұрлым қарқынды даму серпінін құрылыс (7,9%) пен ауыл шаруашылығы (5,2%) салалары көрсетті.

ЖІӨ құрылымында өнеркәсіп (25,8%), көтерме және бөлшек сауда (17,1%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (8,4%), сондай-ақ тасу және қаттау (8,3%) басымдыққа ие. Өндіріс көлемінің өсімі 9,9% көлемінде ең

жоғары қысқаруды көрсеткен үй қожалықтары, өнеркәсіп (-1,1%), көтерме және бөлшек сауда (1,4%), ақпарат және байланыс (-0,4%) қызметтерінен басқа, экономиканың барлық секторларында сақталды. Сондай-ақ, тасу және қаттау (3,7%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (2,6%) сынды салалар жоғары өсім көрсетті.

2016 жылдың қорытындысы бойынша инфляция 8,5% құрап, 2015 жылдың қорытындысы бойынша шыққан 13,6%-дан түсті.

Экспорт көлемінің қысқару көрінісінде Қазақстанның сауда теңгерімінің профициті 24,6%-ға, яғни 15,4-тен 11,6 млрд АҚШ долларына әлсіреді.

Елдің өткен жылдағы екінші деңгейлі банктерінің (ЕДБ) активтер көлемі 11,4%-ға өсті. Ең көп өсімді «Астана банкі» АҚ (62,26%), «Қазақстандағы Қытай банкі ЕБ» АҚ (52,09%), «Qazaq Banki» АҚ (35,91%) сынды банктердің активтері көрсетті.

Қолайсыз сыртқы экономикалық конъюктура және Экономикадағы дағдарыс құбылыстары жағдайларында

Өнеркәсіп

Бүтіндей алғанда, қазақстан экономикасының өнеркәсіп секторы 2016 жылы 1,1%-ға төмендегеніне қарамастан, өнеркәсіптің өңдеу секторында 2016 жылы 0,7%-ға өсім байқалған, бұған металлургиядағы өндірістің (57%), жиһаздан басқа, ағаш және тоздан жасалған бұйымдар өндірісінің (33%), машина және жабдық өндірісінің (29,3%) өсуі септігін тигізді. Тамақ өнімдерінің өндірісі 18,9%-ға, дайын металл бұйымдарының өндірісі 15,5%-ға артты. Сонымен қатар, автокөлік құралдары, трейлерлер және жартылай тіркемелер (12,3%-ға), өзге көлік құралдары (18,8%-ға), жиһаз (13,9%-ға) өндірісінің көлемі төмендеді.

Қазақстанның 16 өңірінің 15-і өңдеу секторында сенімді өсім көрсетті. Ерекше өсім Батыс Қазақстан, Атырау және Ақтөбе облыстарында белгіленді.

Өңдеу өнеркәсібінен бөлек, өсім энергетика секторында да байқалды: электрмен қамтамасыз ету, газ, бу беру және ауа кондициялау көлемдері 2016 жылы 0,4%-ға жоғарылады.

Инвестициялар

2016 жылы Орталық Азия елдеріне тікелей шетел инвестицияларының ағыны ұзақ құлдырау кезеңінен кейін қалпына келе бастады, бірақ 2011 жылдағы ең жоғарғы көрсеткішке жетпеді. 2016 жылы таза ағын 2015 жылға қарағанда, 43,3%-ға өсті (4,4 млрд АҚШ доллары), ал 2006 жылға қарағанда, шамамен екі еседей артты. 2016 жылы Орталық Азия елдеріне тартылған ТШИ таза ағынының жартысынан көбі Қазақстанға тиді (62,3%).

Өткен жылы негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемі 9,9%-ға өсіп, 7,7 трлн теңгені құрады. Жыл қорытындысы бойынша ЖІӨ-ге қарағанда жалпы инвестициялар 16,7% құрады.

Мемлекет қабылдаған шаралар, дәлірек айтқанда, «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық Банкінің экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің 2016–2018 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары макроэкономикалық ахуалға тұрақтандырушы әсер етті.

2016 жылдың қаңтар-желтоқсанындағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың айтарлықтай үлесі таукен шығару өнеркәсібі мен карьерлер әзірлеуге (35,7%), көлік және қоймалауға (15%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (12,2%) тиді.

Инвестицияларды қаржыландыру көздері құрылымында жеке қаражаттар (60,7%) және мемлекеттік бюджет қаражаты (15,2%). Шетел кредиттері мен қарыздарына 13,7% тиесілі, 10,4% — қазақстандық ЕДБ кредиттері мен резиденттерден алынатын қарыздарға.

Шағын және орта бизнес

Қазақстан экономикасындағы шағын және орта бизнес үлесі 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 1,8%-ға қысқарып, 23,1%-ды құрады. Сәйкесінше әрекет етуші шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің (әрі қарай — ШОКС) саны 4,6%-ға қысқарып, 1,19 млн бірлік құрады. ШОКС жалпы санында жеке кәсіпкерлер үлесі 68,7%, шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғаларының — 16%, шаруа және ферма қожалықтарының — 15,1%, орта кәсіпкерліктің заңды тұлғаларының — 0,2% құрады.

Тұрғын үй құрылысы

Құрылыс секторы өткен жылы даму қарқыны бойынша экономикадағы тұрақтылаулардың қатарында табылды: құрылыс 2015 жылдың қорытындысы бойынша шыққан 4,3%-бен салыстырғанда, 7,9%-ға өсті. 2016 жылдың қаңтар-желтоқсанында тұрғын үй құрылысына 829,6 млрд теңге бөлінген, ол 2015 жылға қарағанда, 6,7%-ға көп.


Өткен жылы Қазақстан Республикасында 10,51 млн шаршы метр баспана пайдалануға берілген, өсім 17,6% құраған болатын. 2016 жылы 536,7 мың шаршы метр жалдамалы баспана, 394,1 мың шаршы метр кредиттік баспана пайдалануға берілді.

¹ Дереккөз – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті


Холдинг тарихы мен жетістіктері

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі 2013 жылы құрылды. Ол бірнеше даму институттарының басын біріктіріп, экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларының басты операторына айналды. Холдинг төрт жылда серпінді даму есебінен, қызметінің барлық негізгі қаржылық көрсеткіштерінің өсуін қамтамасыз етіп, жұмыс сапасын арттыра білді.

Кіріс, млрд теңге



Пайда, млрд теңге




2013

Холдинг құрамына бұрын мемлекеттік органдар мен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқаруында болған 10 даму институты кірді.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару және ұлттық экономиканы дамыту жүйесін оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығымен құрылған.

Холдингтің негізгі міндеті – өзіне меншік құқығымен тиесілі және сенімгерлік басқаруына берілген ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа заңды тұлғалардың акция пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару.

Еңбек өнімділігі, млн теңге/адам.



2014

Елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдесу үшін Холдинг пен «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ бірлесіп (75% және сәйкесінше 25% үлеспен) «Мемлекеттік-жеке әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС құрды (бүгінде - «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС).


Холдинг құрылымында **Baiterek Venture Fund** құрылды — экономиканың басым секторларына инвестиция құюға арналған венчурлік қор.

ШОБ кредит беру үшін 10 млрд теңге көлемінде «Банк ЦентрКредит» АҚ-дан қарыз алу арқылы Еуропалық қайта құру және даму банкімен кепілдік туралы келісімге қол қойылды.

Холдинг Инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының операторы атанды. Холдинг құрамында 2013 және 2014 жылдары республикалық бюджеттен бөлінген 20,4 млрд теңге капитал салынған Kazakhstan Infrastructure Fund инфрақұрылымдық қоры құрылды.

2015

Активтер, млрд теңге



«100 нақты қадам – Ұлт жоспарының»

62-қадамы аясында ЕАЭО-да бәсекеге

қабілетті көшбасшылар атануы мүмкін қатысушы компаниялардың серпінді өсіміне жәрдемдесу мақсатында **«Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – Ұлт жеңімпаздары»** бағдарламасына бастамашылық етілді. Үш


саладан **27 қатысушы компания** айқындалды:

тамақ өнеркәсібі (16 компания), машина жасау (6 компания) және құрылыс материалдарын өндіру

(5 компания).

2020 жылға дейінгі өңірлерді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру аясында Холдинг «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ «Баспана» бағыты бойынша 425,4 мың шаршы метр баспана (7 234 пәтер) пайдалануға берілді және «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ желісі бойынша 404 мың шаршы метр баспананы (6 558 пәтер) сатып алу қамтамасыз етілді.

Несие портфелі, млрд теңге



Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредит бойынша


кепілдік алуға өтінімдерін қарастыру процесі

автоматтандырылды. «Startup Bolashak» стартап-


жобалардың конкурсы» жастар кәсіпкерлігін қолдау

жөніндегі жоба іске асырылды.

Қарыз/капитал



Капитал, млрд теңге




2016

Холдинг «Нұрлы жол» мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларын, 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын (әрі қарай - ИИДМБ), «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырды.

«Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлт жеңімпаздары» бағдарламасының шеңберінде 2016 жылы қатысушы компаниялардың ақшалай түсімі **423 млрд теңгені** құрап, 2015 жылғы көрсеткіштен **26%-ға өсті**.

ROE, %



«Даму» желісі бойынша шамамен 606 млрд теңгеге 13,2 мың ШОБ жобасына қолдау жасалды (банктердің ШОБ кредиттеуінің жалпы көлемінен 30,5%).

Тікелей кредит беру шеңберінде өңдеу өнеркәсібі мен өндірістік инфрақұрылымдағы (энергетика, көлік және байланыс) жобалар **277,5 млрд теңге** сомасына қаржыландырылды, бұл былтырғы жылдың көрсеткішінен **5,9%-ға немесе 15,5 млрд теңгеге** жоғары.

«Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Холдинг **15 324 отбасын** баспанамен қамтамасыз етті. Пәтерлердің жалпы алаңы: жалдамалы және кредиттік баспана желісі бойынша **456,5 мың шаршы метрді**, тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі бойынша баспананы пайдалануға беру желісі бойынша **452,5 мың шаршы метр құрады**.

Ипотекалық кредиттерді кепілдендіру қоры «Тұрғын үй құрылысын кепілдендіру қоры» АҚ болып өзгертілді.

Қазақстан Даму Банкі **95,3 млрд теңгеге 10 экспорттық** операцияны, соның ішінде Қазақстан Даму Банкімен қарыздың бүкіл сомасына сақтандыру өтелімін берген «ҚазЭкспортГарант» АҚ қатысқан «Talas Investment Company» мен «ҚазАзот» компанияларының екі мәмілесін қаржыландырды.

Трансферт және технологиялар енгізу бағыты бойынша инновациялық гранттар алуға берілген **212 өтінім қаралып, «1,9 млрд теңге** сомасына құраған 66 шартқа қол қойылды. Өңірлер бөлігінде инновациялық гранттар алуға берілген өтінімдердің негізгі бөлігі Алматы, Астана қалалары мен Қарағанды облысына тиесілі. Грант алушылар **3,9 млрд теңге салық төледі, 57,7 млрд теңге** сомасына өнім шығарылды. Бұл орайда экспорт **27,9 млрд теңгені** құрады.



Әмбебап біріктірілген даму институты ретінде «Бәйтерек» әлеуетін әлі жүзеге асыра беру ғана қажет

«Бәйтерек» ҰБХ Басқарма Төрағасы
Ерболат Досаевтың сұхбаты

2016 жылдың қорытындысына қандай баға бересіз?

Өткен жылы Холдинг көптеген негізгі көрсеткіштердің өскенін көрсете отырып, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды жүзеге асыруды жалғастырған болатын.

Қызметтің барлық бағыттары бойынша 2016 жылы шамамен 19,4 мың жаңа жұмыс орны құрылып, 76,3 мың жұмыс орны сақталды, 354 млрд теңге көлемінде бюджетке салық төленді, 4,14 трлн теңге сомасына өнім өндірілді, 128 млрд теңгеге шетелге өнім экспортталды, 8816 автокөлік шығарылды, 456,5 мың шаршы метр

баспана берілді (8029 пәтер).

Холдинг құрылған сәттен бері, 2013–2016 жылдарда, қызметтің барлық негізгі қаржылық көрсеткіштері бойынша өсім қамтамасыз етілді. 2013 жылмен салыстырғанда 2016 жылы капитал 40%-ға, Холдинг активтері — 2,2 есеге, кредит қоржыны — үш есе дерлік, жеке капитал табыстылығы 22%-ға, пайда — 1,5 есеге өсті.

Сандардан бөлек, Холдинг жұмысындағы сапалы өзгерістерді атап өту маңызды. Өткен бірнеше жылда біз көп нәрсені үйрендік. 2016 жылы «Бәйтеректі» өзінің барлық стратегиялық бағыттары бойынша

тиімді жұмыс істейтін біріктірілген даму институтына айналдыруға мүмкіндік беретін маңызды бастамалар басталды. Мұндай бастаманың мысалы — «Digital Baiterek» жобасы, бизнесті кешенді және клиентке бағдарланған қолдауды қамтамасыз ететін Холдингтің бірыңғай сандық қызмет көрсету алаңын әзірлеу. Басқа мысалы, Холдингтің жаңартылған стратегиясында көрініс тапқан — мемлекеттік емес қаржыландыру көздерінің үлесін 2023 жылға қарай бүгінгі 60%-дан 80%-ға арттыру, бұл болса отандық инвесторлармен қалай болса, шетелдіктермен де солай әрекеттестіктің кеңеюін болжайды.

Холдинг стратегиясы 2014 жылы бекітілді. Оны өзекті ету не үшін қажет болды?

Холдинг құрылған сәттен бері жаһандық экономикадағы шынайылық өзгерді, экономикалық өсім төмендеді, жоғары шикізаттық баға циклы аяқталды, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қатысуымен жүзеге асырылатын жаңа бағдарламалар қабылданып, қолданыстағы мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларға бірқатар өзгерістер енгізілді:

«100 нақты қадам» Ұлт жоспары (2015 ж.); «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Елбасының 2017 жылғы 31 қаңтардағы Жолдауы; «Нұрлы жол» (2015 ж.); «Нұрлы жер» (2016 ж.); «2015–19 жылдарға арналған ИИДМБ» (2014 ж.); «2020 жылға дейінгі ӨДЖ» (2016 ж.); «БЖК-2020» (2015 ж.).

Сәйкесінше, қызметіміздің барлық бес бағыты бойынша құрылған стратегияларды өзектендіру қажеттілігі туындап отыр. Ол бағыттарға ірі бизнесті қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту, баспананың қаржылық қолжетімділігін қамтамасыз ету, экономиканың экспорттық әлеуетін арттыру, технологиялар трансферті жатады.

«Бәйтерек» ірі бизнес үшін қандай қолдау түрлерін ұсынады?

«Бәйтерек» жұмысы бәсекелесу өте қиын болатын шикізаттық емес секторды қолдауға бағытталған. Біз осы сектордың компанияларына олардың кредиттік қоржынының сапасын жақсартуға және Холдинг құрамына кіретін бірнеше даму институтын әрекетке қосып, кешенді қолдау көрсетуге тырысудамыз. Біз Қазақстан Даму Банкі арқылы кредиттік қаржыландыруды қамтамасыз етуге, ҚДБ-Лизинг арқылы — лизингті жүзеге асыруға, KazakhExport арқылы — экспортты сақтандыруға дайынбыз. Сондай-ақ біз Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік арқылы заманауи

технологияларды іздестіруге және трансфертіне көмек көрсетеміз.

Экономиканың шикізаттық емес секторын ұзақ мерзімді кредиттеудің жалпы көлеміндегі Холдингтің үлесі өте қомақты — 57%. Біздің кредит беру нарығында басым қатысушы болуымыз мәжбүрлі қадам болып табылады әрі теңге өтімділігінің тапшылығы, экономиканың шынайы өсімінің төмендеуі және банк жүйесін жаңа экономикалық жағдайларға бейімдеу кезеңіндегі жұмыс істемейтін қарыздар үлесінің жоғарылығы көрінісінде ерекше маңызға ие.

Осылайша, біз экономикамыз толығымен қалпына келмейінше, Қазақстан бизнесіне жан-жақты қолдау көрсете береміз.

Өзіңіз айтып өткендей, ШОБ қолдау да Холдинг қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Шағын бизнеске қолдау қажет екенін бәрі біледі, алайда осы сектордың Қазақстанда даму әлеуеті бар ма? Басқа сөзбен айтқанда, әңгіме бар компанияларды «көш барысында» қолдауда ма әлде дегенмен өсім мүмкін бе?

Біз Қазақстанның ШОБ секторын дамытудағы әлеуеті айтарлықтай екеніне сенімдіміз. Дамушы елдердің ЖІӨ құрылымындағы ШОБ үлесінің орташа көрсеткіші 42%-ға тең, сол арада жұмыспен қамтылғандарының үлесі жалпы ел халқының 64%-ын құрайды. Қазақстан ЖІӨ құрылымындағы ШОБ үлесінің көрсеткіштері дамушы елдердің орташа көрсеткішінен 1,5 есе төмен, ал жұмыспен қамтылғандар үлесі республиканың экономикалық белсенді халқының 33%-ын құрайды, бұл орташа көрсеткіштен 2 есе төмен.

2016 жылы Холдингтің ШОБ субъектілерін қолдау көлемі 606 млрд теңгені құрады. Бұл ретте, айтылып өткендей, осы аралықта екінші деңгейлі банктерге қаражат салу арқылы қаржыландыру шеңберінде

247 млрд теңгеге 10145 жобаға, сыйақы ставкасын субсидиялау шеңберінде — 332 млрд теңгеге 2121 жобаға, кредиттерді кепілдендіру шеңберінде — 27 млрд теңгеге 951 жобаға қолдау көрсетілді. Осының арқасында 224,2 млрд теңгеге салық төленді, 16 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды, шамамен 3,17 трлн теңгеге өнім шығарылды.

Холдингтің ШОБ субъектілерін қолдау көлемі банктердің ШОБ кредиттеуінің жалпы көлемінен 30,5% құрады. Бұл орайда біздің стратегиялық міндетіміз ШОБ, бәрінен бұрын, шағын бизнес субъектілерін қолдау құралдарымен қамтуды кеңейту болып табылады.

2016 жылы «Даму» қоры кәсіпкерлердің көп бөлігін қамтуға арналған жаңа бағдарламалар енгізді.

Атап айтқанда, қаражаттарды шартпен орналастыру бағыты бойынша «Даму-Блиц» жаңа технологиясы енгізілді, ол микро-және шағын бизнес үшін кредиттер бойынша шешім қабылдау мерзімдерін 45-тен 7 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік берді, egov.kz порталы арқылы кепілдегі мүлік жетпеген кезде кредитке кепілдік алу жөніндегі алғашқы онлайн мемлекеттік көрсетілетін қызметі іске қосылды, ауылдар мен алыс аудандардағы кәсіпкерлерді 8,5%-дан аспайтын ставка бойынша қаржыландыру басталды. Салыстыру үшін: 2014–2015 жылдары ақырғы қарыз алушыға қойылған ставка 14% құраған.

Жаңа «Даму-Оптима» кепілдік беру бағдарламасы іске қосылды, ол кепіл жеткіліксіз болғанда банкте «Даму» қорын кепілдікке қоя отырып кредит алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кәсіпкерге дайын бизнес шешім алуға мүмкіндік беретін франшизаларды қаржыландыру жөніндегі бағдарлама, сондай-ақ кәсіпкерге оған алдыңғы тапсырысын төлеген-телемегеніне қарамастан, айналым активтерін тұрақты түрде қолдау ұстауға мүмкіндік беретін

факторинг құралын пайдаланумен жасалған бағдарлама іске қосылды.

Біз ШОБ дамуы Қазақстан экономикасын әртарапандыруға негіз болып табылатынын түсінеміз және оны 2020 жылға қарай ШОБ-тың ЖІӨ-дегі үлесін 40%-ға арттыру үшін 2050 Стратегиясы мақсатына қол жеткізу жолында жан-жақты қолдауға бар күшімізді салуды жалғастыра береміз.

Баспананың қаржылық қолжетімділігін жақсарту жөніндегі Холдингтің жұмысы неден тұрады?

Холдинг ҚР-дағы тұрғын үй құрылысы бағдарламаларының негізгі операторы болып табылады. Әуелде осы бағдарламаны жүзеге асыру Нұрлы жол арқылы басталып, әрі қарай, 2017 жылдан бастап — Нұрлы жер арқылы жалғасты.

Осы бағдарламаларды іске асыруға бірден Холдинг құрамына кіретін төрт институт тартылды: Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі мен Қазақстан ипотекалық компаниясы — тұрғын үй қарызын беру және коммерциялық банктерден ипотекалық қарыз сатып алу жолымен тұрғын үй нарығындағы сұранысты ынталандыруды қамтамасыз етеді, Бәйтерек Девелопмент пен «Даму» қоры — үлестік жарналарды кепілдендіру, тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және субсидиялау жолымен тұрғын үй нарығындағы ұсынысты ынталандырады.

Осылайша, тұрғын үй нарығындағы ұсыныстың өсуіне себептесе және сұранысты қаржыландыруға көмектесе отырып, біз нарықтық негізде баспананың қаржылық қолжетімділігінің жақсаруына септігімізді тигіземіз.

Жалпы, Холдинг тұрғын үй нарығында айтарлықтай рөл ойнайды. Сонымен, ипотекалық кредиттің 67%-ын 2016 жылы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі берді. Тұрғын үй-құрылыс жинақ

жүйесінің қатысушыларын 2016 жылы елдің экономикалық белсенді халқының шамамен 10%-ы құрады.

Экспортқа бағдарланған салалар мен өндірістерді дамыту мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі басымдықтарының қатарына кіреді. Холдингтің осы бағытты дамытуға қосқан үлесі қандай?

Экспортты қолдау Холдингтің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. 2016 жылы Холдингтің еншілес ұйымы — «ҚазЭкспортГарант» экспорттық кредиттік сақтандыру корпорациясын 14 млрд теңгеге капиталдандыру жүзеге асырылды. Осының арқасында «ҚазЭкспортГарант» корпорациясының сақтандыру қолдауын 30-дан астам қазақстандық экспортер алды, 120-дан астам сақтандыру шарты жасалды, солардың шеңберінде 390 миллион АҚШ долларынан астам сомаға экспорттық келісімшарттар қолдау алды. Әзірбайжан, Белоруссия, Германия, Грузия, Моңғолия, Қырғызия, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан сынды елдерге қазақстандық тамақ, химия, металлургия өнеркәсібі мен машина жасау саласы өнімдерінің шамамен 1 200 экспорттық жөнелтімі жүзеге асырылды.

Бүгінде «ҚазЭкспортГарант» базасында экспортты қаржылай қолдаудың бірыңғай орталығы түрінде жаңа даму институты — қаржы құралдары жинағы ауқымдырақ «KazakhExport» ұлттық экспорттық сақтандыру компаниясы құрылды. Ол арқылы Холдинг экспортты қолдау бойынша өзінің стратегиялық бағытын жүзеге асыруды жалғастырады. Қолдау алушылар «Рахат» АҚ, «Кентау трансформаторлық зауыты» АҚ, «Орал трансформаторлық зауыты» ЖШС, «Raimbek Bottlers» ЖШС, «Баян Сұлу» АҚ Қостанай кондитерлік фабрикасы, «Алина» КТ, «Агроөнім» КТ сынды және басқа да жетекші компаниялар болып табылады.

Стратегиялық бағыттардың тағы біреуі инновацияларды қолдау және енгізу болып табылады. Өткен жылда қандай негізгі жетістіктерге қол жеткізілгенін айта аласыз?

Холдинг құрылымында осы бағыттың негізгі операторы оның еншілес ұйымы — Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігі болып табылады. Ол гранттық қаржы беру жолымен трансфертке, технологиялардың коммерциялануына және технологиялық құзыреттіліктің дамуына жәрдемдеседі.

Өткен жылда Агенттік 1,9 млрд теңге сомасына 60 инновациялық грант берді, олардың көп бөлігі технологияларды коммерциялауға және дамудың бастапқы кезеңінде жоғары технологиялық өнімдерді өндіру бойынша қызметті қолдануға бағытталды. Ұсынылған инновациялық гранттардың басым бөлігі инфракоммуникациялық технологияларға, машина жасау, химия және агроөнеркәсіп салаларына бағытталған. Сондай-ақ, 93 патент алуға қолдау көрсетіліп, шетел технологияларының трансферті бойынша 15 жоба жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта Агенттік қаржыландырылатын жобалардың сапасын арттыру және жеке инвестициялар тарту мақсатында 50%-ға дейін бірге қаржыландыру жағдайында жаңа грантты қаржыландыру қағидалары енгізді.

Бизнес процесстердің реинжинирингі және стратегиялық инвесторды тарту үшін компания дайындығы жалғасуда.

Жаңартылған стратегия аясында корпоративтік орталықтың өзі қандай өзгерістерді күтуде?

Мен айтқан мақсат — қорландырудың мемлекеттік емес көздерінің үлесін өсіру — инвестициялық қауымдастықпен ынтымақтастықты кеңейтуді қажет ететін болады.

Холдинг еншілес ұйымдардың функциялар қоржынын оңтайландыруды жалғастырады. Біз басқа мемлекеттік ұйымдардың функцияларын дубликаттаудан аулақ болып, еншілес ұйымдардың Холдингтің даму институты ретіндегі негізгі рөліне сәйкестігін қамтамасыз еткіміз келеді. Олар «Yellow Pages» принципіне, яғни, бәсекелі ортадағы нарық субъектілері ойдағыдай жүзеге асыратын қызметке араласу принципіне жауап беруі тиіс.

Холдинг қызметінің экономикалық және операциялық тиімділігін арттырудың негізгі жолдарының бірі корпоративтік орталықта қалай болса, еншілес ұйымдарда да солай үздік корпоративтік стандарттарды енгізу арқылы корпоративтік басқару жүйесін дамыту болып табылады. Бұл арада сөз қалыптастыру практикасын жетілдіру және еншілес ұйым директорлар кеңесінің жұмысына қатысу туралы болып отыр. Тәуелсіз директорлардың рөлі артады, директорлар кеңестері мүшелерінің құзыретіне талап күшейеді, кеңестер жұмысын бағалау рәсімі өзгереді. Еңбекке ақы төлеу саласында біз осы бағыттағы ірі халықаралық консалтингтік компания болып табылатын Korn Ferry Hay Group-пен бірге әзірленген грейдтер жүйесін енгізіп жатырмыз.

Жобалық кеңсе тәсілін пайдаланатын көлденең, икемді ұйымдастыру құрылымын енгізетінімізді де атап өтейін. Ол Холдингке макроэкономикалық ортаның жылдам

өзгерістеріне жақсырақ бейімделуге және одан әрі тиімді болуға мүмкіндік береді.

Жаңартылған стратегияға сәйкес Холдингтің дамитын тағы бір бағыты — ішкі және сыртқы мүдделі адамдар үшін айқындылықтың жаңа деңгейге шығуы. Бұл азаматтар мен іскерлік қоғамды Холдинг жүзеге асыратын бағдарламаларға тартуға, сондай-ақ оның іскерлік репутациясын мақсатқа сай нығайтуға мүмкіндік туғызады.

Қазіргі таңдағы Холдинг — бұл жай ғана оған кіретін ұйымдардың жиынтығы деп айтуға бола ма?

Жоқ, болмайды, десе де ресурстар мен жұмыстар көлемі он бір еншілес компанияда шоғырланған. Дей тұрғанмен, Холдингті құрудың мәні — түрлі даму институттарын біріктіруден нәтиже алу.

Біріктірудің басымдығы қаржыландыру мәселелеріндегі нәтижелерге қарағанда, әлдеқайда терең. Біз түрлі даму институттары тарапынан бизнеске кешенді қолдау көрсету жайында айттық. Digital Baiterek платформасы базасындағы «бір терезе» (one-stop shop) принципі осындай қолдау алуды қолжетімдірек етеді. Біріктірудің тағы бір маңыздырақ басымдығы біздің клиенттеріміздің — қаржылық және қаржылық емес қолдау алушылардың сұранысы туралы білімді жинақтау болып табылады. Дәл бизнестің нақты субъектілерінің сұранысын, қиыншылықтары мен сәттіліктерін

терең түсіну экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларынан барынша көбірек нәтиже алуға мүмкіндік береді.

«Бәйтерек» небәрі төрт жасқа толды, алайда қол жеткізген жақсы нәтижелеріне қарамастан, осы бірегей біріктірілген даму институтының айтарлықтай әлеуетін әлі жүзеге асыру қажет.

Ел экономиканы үшінші жаңғыртуға, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында баяндалған міндеттерге биыл аяқ басты. Үшінші жаңғыру елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге және революциялық технологиялық даму нәтижесінде әлемдегі қалыптасқан жаңа жаһандық шынайылық жағдайларында өзгерген сын-тегеуріндерге жауап ретінде экономикалық өсімнің жаңа моделін құруға бағытталған. Холдингтің жаңартылған стратегиясын жүзеге асыру «Бәйтеректің» Қазақстанның үшінші жаңғыруының міндеттерін шешуге қатысуын ауқымдырақ әрі тиімдірек етуге септігін тигізеді. Осы жұмыста «Бәйтерек» холдингіне жетекші даму институты және маңыздырақ мемлекеттік бағдарламалардың операторы ретінде біздің экономиканы әртараптандыруға, технологиялық дамуды қолдауға және шағын және орта бизнесті дамытуға қосқан әлеуетті үлесімізді ескере отырып, айрықша рөл беріліп отыр.

«Бәйтерек» холдингі: One-Stop-Shop



«Бәйтеректің» кешенді қолдауы

Бір клиент қолдаудың түрлі құралдарын пайдалана алады. Көмек алушылармен жасалатын жұмысқа кешенді қолдауды «бір терезе» (one-stop shop) принципімен енгізу Холдингінің стратегиялық бастамаларының бірі болып табылады.

Бизнестің түріне, жүзеге асырылатын жобаларға және өзекті қажеттіліктерге байланысты шағын және орта бизнес (ШОБ) компаниялары мен субъектілері сол не басқа қолдау түрлеріне жүгіне алады. Холдинг құрамына 11 ұйым кіреді, олардың әрбіреуінің өз бағыты мен қаржылық және қаржылық емес көмек алушыларды іріктеу өлшемдері бар.

Көмектің барлық түрі бойынша іріктеудің жалпы принциптері елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы саласындағы мемлекеттік басымдықтарға сәйкес келеді. Атап айтқанда, оларға экономиканы әртараптандыру және жаңғырту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инфрақұрылым мен экспорттық әлеуетті дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, баспана қолжетімділігін қамтамасыз ету жатады. Бұл ретте қолдау нарық жағдайларында әрекет ететін бәсекеге қабілетті бизнесті қалыптастыруға және дамытуға бағытталған және жалпы мемлекеттің экономикаға қатысуының ұлғаюына әкелмеуі тиіс.

2018 жылдың соңына қарай Холдинг клиенттерінің қарамағында бизнесті кешенді, оңай қолжетімді әрі айқын қолдауды қамтамасыз етуге бағытталған Digital Baiterek заманауи сандық алаңшасы болады.

Қаржылық және қаржылық емес көмектің негізгі бағыттары

Инвестициялық жобаларды қолдауды Қазақстан Даму Банкі (кредиттік қаржыландыру, кепілдіктер, лизинг), Қазына Капитал Менеджменті (тікелей инвестициялар түрінде, венчурлікті қоса, үлестік қаржыландыру), Kazakhstan Project Preparation Fund (жобалық құжаттаманы дайындауды және жобаларды сүйемелдеуді қаржыландыру) жүзеге асырады.

Экспорттаушыларға көмек көрсетумен, соның ішінде қаржыландыруды ұйымдастырумен және экспорттық операцияларды сақтандырумен KazakhExport айналысады. Қаржылық операцияларды қаржыландыруды Қазақстан Даму Банкі (ҚДБ) де жүзеге асырады.

Аталған қолдау түрлері, әдетте, ірі компанияларға қатысты қызметке қолдануға жарайды.

Шағын және орта бизнесті қолдау — «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры қызметінің мәні. Қордың екі негізгі қызмет бағыты бар: ШОБ субъектілерін қаржылық қолдау және олардың құзыретін дамыту.

Коммерцияландыру және жаңа технологияларға қол жеткізу мәселелері бойынша (гранттар, құзыретті дамыту, консалтинг) қолдау көрсетумен Ұлттық технологиялық даму жөніндегі агенттік (ҰТДА) айналысады.

Ақыры, тұрғын үй құрылысы саласында қолдау көрсетуді Холдингінің келесі еншілес ұйымдары көрсетеді: «Тұрғын үй құрылысын кепілдеу қоры» (ипотекалық кредиттер бойынша тәуекелдерді төмендету), Қазақстан Ипотекалық Компаниясы, Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, Бәйтерек девелопменті (қаржыландыру, жалдамалы баспанамен жасалатын операциялар).

Холдингінің қаржылық және қаржылық емес қолдауының мысалдары

Бұдан әрі сызбаларда Холдингінің түрлі жағдайларда көрсететін қолдауларының типтік үлгілері берілген

Инвестициялық жобаны қаржыландыру



Kazakhstan Project Preparation Fund

Инвестициялық, инфрақұрылымдық және МЖС жобаларын дайындау, сараптау, рұқсат алу.

Ескеріледі:

Инфрақұрылым мен өңдеу кәсіпорындарын дамытуға қосқан үлесі.



Қазақстан Даму банкі

а) Инвестициялық жобаларды орташа және ұзақ мерзімге несиелендіру.

Параметрлері:

Ең төменгі қарыз мөлшері — 7 млрд теңге;
Қарыздың ең қысқа мерзімі — 5 жыл;
Компанияның үлестік қатысу көлемі — 20%-дан кем емес

Ескеріледі:

ИИДМБ-ның басым салаларындағы әлеуметтік-экономикалық тиімділікті арттыруға, инфрақұрылымды, ауылшаруашылық және өнеркәсіптік өндірістерді, қызмет көрсету саласының нысандарын дамытуға және экспортқа шығаруға жәрдемдесуге қосқан үлесі.

б) Машиналар мен жабдықтарды лизинг жолымен сатып алу.

Параметрлері:

Қарыз сомасы 1,5 млрд теңгеден аз емес, мерзімі 20 жылға дейін.

Басымдығы:

Өңдеу өнеркәсіптері не инфрақұрылымның жоғары үстеме бағасы және/немесе экспорттық әлеуеті бар, технологиялық бір тізбекке тоғысқан өндірістерді қалыптастырушы жобалары.



Қазына Капитал Менеджмент

- Үлестік қаржыландыру (тікелей инвестициялар).
- Бейіні бойынша ҚКМ құрамына кіретін тікелей инвестициялар қорларының бірінің қатысу ықтималдығы.
- Тікелей инвестициялар қорының тарапынан жобаны бағалау.

Ескеріледі:

Инвестор үшін ашықтық, басқару қолжетімділігі, қордың жобадан шығуда келешек мүмкіндіктері.



Экспортты қолдау



Қазақстан Даму банкі

- **Алдағы экспорттық операцияларды жүзеге асыруда шикізаттар мен жабдықтар сатып алуды қаржыландыру.**
- **Параметрлері:**
Ең төменгі қарыз мөлшері – 1 млрд теңге.
- **Қарыз мерзімі экспорттық операция жағдайына қарай белгіленеді.**



Қазақэкспорт

- **Экспорттаушы несиеcін сақтандыру**
- **Параметрлері:**
Сақтандырылатын тәуекелдер түрлері: саяси және коммерциялық.
- **Сақтандыру төлемінің үлесі:**
Жалпы шығын мөлшерінің – 80%-на дейін.
- **Қаржыландыру түрлері:**
Сауда және экспорттық қаржыландыру – аккредитив төлеу үшін импортер банкіні қаржыландыру, импортер талабымен экспортер пайдасына аккредитив шығару.

Экспорт алды қаржыландыру – айналымдағы қаражатты толтыру және экспорттық келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында қазақстандық екінші деңгейлі банктер арқылы қаржыландыру.



Сыртқы нарықта сұранысқа ие өнімдерді өндіру

Холдинг тарапынан қолдау: Оның қызметі қандай?



Қарыз қаражат



Несиені сақтандыру



Нәтижесі:

Өнімдер экспорты қаржыландырылады
Экспорттық тәуекелдер сақтандырылады

Шағын бизнесті қолдау



Даму қоры

- **«Startup Академия» жобасы**
 - Оқыту;
 - Инвесторларды тартуға жәрдемдесу;
 - Қаржылық қолдау бағдарламаларына қатысуға өтінімдер беруге көмектесу;
 - Тәлімгерлік.



Даму қоры

- Материалдық емес активтерді сатып алуға арналған грант (бағдарлама негізінде қамтамасыз ету).



ТДҰА

- - Технологияларды коммерцияландыру гранты;
 - Кәсіпорындарды технологиялық дамыту гранты;
 - Салаларды технологиялық дамыту гранты.

Нәтижесі:

Прототип құру, өндірістерде технологияларды енгізу, салалардың технологиялық мәселелерін шешу.




Даму қоры

- Жеңілдікті несиелендіру бағдарламасының бірі бойынша несие алу.
 - БЖЗҚ қоры;
 - ЕҚДБ қоры;
 - АДБ қоры;
 - Аймақтық бағдарламалар;
 - БЖК-2020 (ЕДБ пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау -7%);
 - Нұрлы жол (6%-бен жеңілдікті несиелендіру).




Даму — Лизинг

- Жабдықтарды лизинг жолымен сатып алу.
- Шағын бизнес субъектілері үшін лизинг бағдарламасының параметрлері.
- ЕДБ пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау - 7% (атаулы мөлшерлемесі жылдық 14%-дан көп емес).
- Қаржыландыру лимиті 150 000 000 теңгеге дейін.
- Лизинг мерзімі 84 айға дейін.
- Алғытөлем көлемі 20%-дан аз емес



Тұрғын үй құрылысын кепілдендіру



Бәйтерек – негізгі мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды, сондай-ақ 100 нақты қадам – Ұлт жоспарын жүзеге асырудағы негізгі оператор



100 нақты қадам – Ұлт жоспары, «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлт жеңімпаздары» бастамасын жүзеге асыру жөніндегі 62-қадам

Мақсаты – ҚР аумағында, өңірлік және халықаралық деңгейлерде бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары бола алатын компаниялар тобынан жаңа серпінді өсім көзін құру.

Холдинг құралдары:

- жобалық және іскерлік қаржыландыру (ҚДБ, ҚКМ);
- банкаралық кредиттеу (ҚДБ және «Даму» қоры екінші деңгейлі банктер арқылы кредиттеу жолымен);
- лизингілік қаржыландыру (ҚДБ-Лизинг);
- пайыздық ставкаларды субсидиялау, кредиттерді кепілдеу («Даму» қоры);
- экспорттық сақтандыру, экспорталды қаржыландыру (KazakhExport);
- инновацияларға гранттар (ТДҰА).



Инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Бағдарлама мақсаты – хаб принципіне тиімді инфрақұрылымды сапқа тұрғызу негізінде елдің макроөңірлерін біріктіру жолымен бір экономикалық нарықты қалыптастыру, халықаралық келік жүйесіне келік инфрақұрылымын кіріктіру, Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін транзиттік әлеуетті жүзеге асыру.

Холдинг құралдары:

- экспорттық кредиттеу (ҚДБ);
- инвестициялық қаржыландыру (ҚДБ);
- банкаралық кредиттеу (ҚДБ және «Даму» қоры екінші деңгейлі банктер арқылы кредиттеу жолымен);
- лизингілік қаржыландыру (ҚДБ-Лизинг).



«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы

Бағдарлама мақсаты – халыққа арналған баспананың қолжетімділігін арттыру.

Холдинг құралдары:

- Баспана қарызын беру (ҚТҚЖБ);
- тұрғын үй құрылысын қаржыландыру (БД);
- ипотекалық қарыздарды субсидиялау (ҚИК);
- ипотекалық қарыздар бойынша талаптар құқығын сатып алу (ҚИК);
- Сатып алумен жалдамалы баспананы босату (ҚИК);
- үлестік тұрғын үй құрылысын кепілдеу (ТҚКҚ);
- баспана салу үшін қарыздар субсидиялау («Даму» қоры).



Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Бағдарлама мақсаты – еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген тауарлар экспортының көлемін ұлғайтуға бағытталған өңдеу өнеркәсібін ерекше ынталандыру

Холдинг құралдары:

- тікелей кредиттеу (ҚДБ);
- лизингілік қаржыландыру (ҚДБ-Лизинг);
- пайыздық ставкаларды субсидиялау, кредиттерді кепілдеу («Даму» қоры);
- экспорттық сақтандыру, экспорталды қаржыландыру (KazakhExport);
- инновацияларға арналған гранттар (ТДҰА);
- үлестік қаржыландыру (ҚКМ).



«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасы

Бағдарлама мақсаты – өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңдестірілген өсімін қамтамасыз ету, сондай-ақ қолданыстағы жұмыс орындарын қолдау және жаңа тұрақтыларын құру.

Холдинг құралдары:

- пайыздық ставкаларды субсидиялау, кредиттерді кепілдеу («Даму» қоры);
- лизингілік қаржыландыру (ҚДБ-Лизинг).

Біздің жобаларымыз (мысалдар)

1. Ақтөбе Рельсарқалық Зауыты (ірі бизнес сегментінде кәсіпкерлікті қолдау)

406,7
млн
АҚШ
доллары

14,9
млрд
теңге

Жоба атауы және жоба бастамашысы:

«Жобалық қуаты жылына 430 мың тонна болатын рельсарқалық зауытын салу.
«Ақтөбе рельсарқалық зауыты» ЖШС.

Жоба мақсаты:

Ақмөбе облысында 120-метрлік термиялық-беріктетілген рельсті, ірі фасонды прокатты және электр энергиясын (32 МВт) өндіретін рельсарқалық зауытын салу.

Қуаты:

Рельстер — 200 мың тонн/ жылына;
фасонды прокат — 230 мың тонн/ жылына; электр энергиясы — 32,0 МВт.

Жобаның жалпы құны:

406,7 млн АҚШ доллары.

ҚДБ жобаға қатысуы:

250,9 млн АҚШ доллары сомасына қарыз.

Жобаны жүзеге асыру орны:

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы.

Өнім экспорты:

Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Украина.

Жобаны жүзеге асыру жылдары:

2013–2016 жылдар.

Құрылатын жұмыс орны саны:

780 жұмыс орны.

Жобаның техникалық-технологиялық ерекшеліктері:

Simens S.p.A (Италия) прокат қондырғысы көлемді шындалған ұзын (120 м) теміржол рельстерін, сондай-ақ ірі сұрыпты прокатты өндіруге мүмкіндік береді. Кәсіпорында өндірілетін электр энергиясы ішкі сұранысты қамтамасыз етуден бөлек, өңірдегі электр энергиясы тапшылығын төмендетуге септігін тигізеді.

2016 жылдағы кәсіпорынның өндірістік көрсеткіштері:

- босатылған дайын өнім – 14,9 млрд теңге
- бюджетке төленген міндетті төлемдер – 2,2 млрд теңге.

Холдинг қолдауы:

инвестициялық кредиттеу,
валюта қарызын теңгемен қайта қаржыландыру.

2. Eurasian Food Corporation- «бір терезе» принципiмен клиенттердi кешендi сервистiк қолдау

Жылына 310 мың тонна тұқымды өңдейтiн май-экстракция зауытын салу жөнiндегi Eurasian Food Corporation жобасы



- 40-70 млн долларға май импортының орнын басу;
- 40-70 млн долларға май экспортын ұлғайту;
- 365 жаңа жұмыс орындарын құру;
- 1 млрд теңгеге салық түсiмiн арттыру.

Экспорт
600
мың тонн

Келтiрiлген мысалда көшендi қолдаудың мүмкiн болатын элементтерi

- Жобалық құжаттаманы әзiрлеу және жобаны құрылымдау — ККРФ;
- Қарыздық және жобалық қаржыландыру, лизинг — Қазақстан Даму Банкi;
- Үлестiк қаржыландыру — Қазына Капитал Менеджмент;
- Экспорттық келiсiмшарттарды сақтандыру — ҚазЭкспортГарант;
- Майлы дақылдар тұқымдарын өндiрудi қаржыландыру — «ҚазАгро» ҰБХ (синдикатталған қарыз).

3. «Қарағанды Групп Кэмпиттері» ЖШС (ірі бизнес сегментінде кәсіпкерлікті қолдау)

38,5
МЫҢ ТОНН

Жоба атауы:

Инновациялық технологияларды қолданумен Қарағанды қаласында кондитерлік өнім өндіретін зауытты жаңғырту.

Қатысушысы Қазына Капитал Менеджмент, Қазақстан Даму Банкі және ҚДБ-Лизинг болып табылатын аталған жобаға Baiterek Venture Fund те (BVF) қатысады деп күтіледі.

Жоба аясында жобалық қуаты 38,5 мың тонна болатын кэмпит (далапты, тоңбалы, пралинді, шоколадты, нугалы және т.б.) өндіруге арналған жабдық сатып алынбақ. Жоба жүзеге асудың екінші сатысында (индикациялық талдау жүргізілуде).

Холдинг қолдауы: инвестициялық кредиттеу.

4. «Бәйтерек девелопмент» АҚ тұрғын үйлер салуы (тұрғын үйдің қаржылық қолжетімділігін арттыру)

150
пәтердің

«Бәйтерек» холдингі «Бәйтерек девелопмент» еншілес ұйымы арқылы «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы (2017 жылдан бастап – «Нұрлы жер» бағдарламасы) аясында басталған тұрғын үй құрылысын жүзеге асырады.

Сонымен, 2016 жылы бағдарлама бойынша Қостанай қаласында 150 пәтердің құрылысы аяқталды. Салынған баспана шаршы метріне 155 мың теңгемен тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы кредиттік баспана бағыты бойынша босатылуда, бұл Қостанай қаласындағы жаңа баспананың орташа нарықтық бағасынан 20%-ға төмен (шаршы метріне 191,4 мың теңге). Көрсетілген баспананы сатып алу үшін «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ салымшыларына 5%-дық ставкамен жеңілдікті тұрғын үй қарызы берілуде.

Осындай баспананы босатудан түскен қаражат «револьверлік принцип» бойынша жеңілдікті баспана құрылысын қаржыландыруға қайта бағытталады.

БД несиелік тұрғын үй құрылысы



Тұрғын үйді ҚТҮҚЖБ қарызы есебінен сатып алу

1-қадам. БД кредиттік баспана құрылысын қаржыландырады.

2-қадам. ҚТҮҚЖБ салымшыға тұрғызылған баспананы сатып алуға қарыз береді.

3-қадам. Баспананы сатудан түскен қаражат қайтадан жаңа құрылысқа жіберіледі.

Холдинг қолдауы: кредиттік баспана құрылысын қаржыландыру, жеңілдікті баспана қарызы.

5. «Аруана» емдік-диагностикалық орталығы» (Астана қ.) (Кіші және орта бизнес сегментінде кәсіпкерлікті қолдау)

«Аруана» емдік-диагностикалық орталығының құрылтайшысы әрі директоры Шынар Мәлік Астана қаласында БЦС ауыратын балаларды емдеу және оларды балабақша базасында сау замандастары арасына кіріктіру жөніндегі жобаны ойдағыдай іске асырды.

Жоба «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 174,5 млн теңгеге 14%-дық ставкамен (оның 7%-ын мемлекет субсидиялайды) қаржыландырылды.

Несие жабдық пен жаңа үй-жай сатып алуға бағытталды.

Сонымен қатар, кәсіпорын «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасының қаржылық емес бағыттарының қатысушысы болып табылады: компания басшысы Шынар Мәлік «Іскерлік қарым-қатынастар», «Бизнес-Кеңесші» жобалары бойынша оқытылды.

174,5
млн
теңге

Холдинг қолдауы: ЕДБ кредиттің пайыздық ставкасын субсидиялау.


6. «Қала-НАН» ЖК (Петропавл қ., СҚО) – «Даму-Оптима» жеке бағдарламасы аясында

Петропавл қаласындағы «Қала-НАН» ЖК кондитерлік өнім өндірісін ойдағыдай дамытуда әрі өткізу нарығын кеңейтуде. Бүгінде наубайхана өнімдерінің тұржинағы 40-тан астам нантоқаш өнімін (нанның төрт сұрыбы, басқа нантоқаш өнімдері) және 80-нен астам кондитер өнімін (құм пішен, рулет, курабье пішені, «орешки» пішені, тұздалған пішен және т.б.) құрайды. Наубайхана жұмысы тәулік бойы жүреді, ал өндірісі автоматтандырылған. Сапасына көңіл бөлінеді – ол үшін жақсы шикізат пайдаланады және жабдықты жаңартып отырады. Дайын нантоқаш және кондитер өнімін өткізу қаланың бүкіл орталық базарларында және қаланың да, аудандардың да көптеген ірі және шағын сауда объектілерінде жүзеге асырылады.

- Жобаны 33 млн теңгеге «Qazkom» АҚ қаржыландырды (Кредит өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК қолдау бағдарламасы бойынша 6%-дық ставкамен берілді);
- Жеткіліксіз қамсыздандыру ретінде 11 млн теңге сомасына «Даму Оптима» бағдарламасы бойынша «Даму» қоры кепіл болды (кредит сомасынан 33%);
- Жуырда сауда цехын ашу жоспарлануда. Компания Алматы мен Астана қалаларында, сондай-ақ Ресейдің жақын қалаларында дайын өнім өткізуді ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

33
млн
теңге

Холдинг қолдауы: 6%-дық ақырғы ставкамен ЕДБ-да қаражатты шартты орналастыру, «Даму Оптима» ЕДБ-мен кредитке кепілдік берілуін кепілдеу.



Қазақстандағы инвесторларға арналған мүмкіндіктер

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі қазақстандық экономикаға қаржы құйған көптеген шетел және жергілікті инвесторлар үшін сенімді серіктес атанды. Ашық нарықтық экономика жағдайларында бұл миссиясыны орындау инвесторларға тартымды жағдайлар жасаған кезде ғана мүмкін болады. Сондықтан, Холдинг қызметінің негізгі бағыты халықаралық қаржы ұйымдарымен, банктермен, инвестициялық қорлармен, халықаралық компаниялармен өзара тиімді қатынастар құру болып табылады.

Қазақстанның өзінің табиғат ресурстарының, тұрақты макроэкономикалық жағдайының, дамыған инфрақұрылымының, жақсы білім деңгейінің, тұрақты саяси жағдайының, еуроазиялық экономиканың экономикалық көшбасшыларына географиялық жақындығының арқасында өсім әлеуеті айтарлықтай. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі біріктірілген көпбейінді даму институты бола отырып, инвесторлардың ең түрлі санаттарына мемлекет көзқарасы бойынша экономиканың басым секторларын және нақты жобаларды қаржыландырудан пайда ала отырып, Қазақстанда бизнесті қолайлы жүргізуге мүмкіндік береді.

«Бәйтерек» холдингімен әріптестікте инвестициялау нұсқалары

«Бәйтерек» холдингі қазақстандық бизнес субъектілерінің жеке кәсіпкерлерден тартып ірі өнеркәсіп корпорацияларына дейін түрлі санаттарына қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсететін бірегей біріктірілген даму институты болып табылады. Осының арқасында Холдинг Қазақстанда жұмыс істеуге әзір әлеуетті инвесторларға ынтымақтастық нұсқаларының кең спектрін ұсынуы мүмкін. «Бәйтерек» холдингінің әріптестері Холдингке кіретін еншілес ұйымдарды, Холдингінің өзін кредиттік және үлестік қаржыландыруға немесе «Бәйтерек» холдингінің қолдауымен дамиды компанияларды тікелей қаржыландыруға қатыса алады.

«Бәйтерек» холдингімен әріптестіктегі инвестициялық мүмкіндіктер



Холдингпен әріптестіктегі инвестициялардың басымдықтары

Қазақстан Республикасының Үкіметімен ынтымақтасу

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі Холдингінің жалғыз акционері болып табылатын және оны басқаруға қатысатын Қазақстан Республикасы Үкіметімен тығыз байланысқан. Холдинг инвесторлары — әріптестері өздерінің мемлекеттік экономикалық саясат басымдықтарына сәйкес келетін жобаларды қаржыландыруға қатысатынына сенімді бола алады. Сонымен қатар, «Бәйтерекпен» ынтымақтастық жасау орнатылған іскерлік қарым-қатынастар мен коммуникация арналарын пайдаланудың арқасында Үкіметпен және мемлекеттік органдармен инвесторлардың ынтымақтастығын оңайлатады әрі тиімдірек етеді.


Қазақстан экономикасын түсіну, бизнеспен ауқымды байланыстар

Жұмыс жылдарында Бәйтерек мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларға қатысуының арқасында қаржылық және қаржылық емес құралдардың ауқымды жинағын қолдану жолымен экономиканы қолдауда және жеке бизнеспен ынтымақтастықта айтарлықтай тәжірибе алды. Холдинг өзінің еншілес ұйымдары арқылы қазақстандық компаниялармен ауқымды іскерлік байланыс орнатты әрі жақында ғана құрылғанына қарамастан, оның құрамындағы құрылымдар нарықтың танылған қатысушылары атанып, бірнеше жылдар бойы сәтті жұмыс істеуде әрі Қазақстанның экономикалық өсіміне елеулі үлес қосуда. Мәселен, 2016 жылдың өзінде Холдинг құрылымына кіретін Қазақстан Даму Банкі 193,3 млрд теңге сомасына 8 инвестициялық жобаны қаржыландыруды мақұлдады. 2017 жылға 42 ірі жобаны қарау жоспарланды. Жалпы, Холдингінің шикізаттық емес секторға берілген ұзақ мерзімді кредиттердің жалпы көлеміндегі үлесі 57% құрайды.

Корпоративтік басқарудың айқындылығы және жоғары стандарттары

Холдинг корпоративтік басқарудың және айқындылықтың халықаралық стандарттарына бағдарланады. ҚЕХС бойынша қаржы есеп-қисабы тоқсан сайын жасалады және жылына бір рет аудиттен өтеді. Холдинг қызмету туралы барлық негізгі ақпарат қолданылған талаптарға сәйкес уақытында ашылады. Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының Директорлар кеңестерінің құрамында тәуелсіз директорлары бар. Ішкі аудит қызметтері жұмыс істейді. Холдингтегі корпоративтік басқару жүйесі туралы толығырақ — Жылдық есептеменің тиісті бөлімін қараңыз (34-бет).

«Бәйтерек» холдингінің ҚР Үкіметімен байланысы



Холдинг қызметін мемлекеттік қаржыландыру

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан қаражат тарту

2016 жылы Холдинг Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 245,5 млрд теңге тартты, соның ішінде 202 млрд теңге жалгерлік және кредиттік баспана салуды қаржыландыру үшін, 22,5 млрд теңге құрылысты қаржыландыруға және кейін жалға беру үшін баспана сатып алуға, 15 млрд теңге экспорттаушыларды қаржыландыруға және 15 млрд теңге ЭКСПО-2017 аумағында жылжымайтын мүлік объектілері құрылысын қаржыландыруға.

Республикалық бюджеттен қаражат тарту

2016 жылы Холдинг республикалық бюджеттен бюджеттік несие түрінде 117,0 млрд теңге тартты, соның ішінде 19,1 млрд теңге – құрылысты қаржыландыруға және кейін жалға беру үшін баспана сатып алуға, 75 млрд теңге 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы (ИИДМБ) жобаларын қаржыландыруға, 12,9 млрд теңге жолаушылар вагоны паркін жаңартуды қаржыландыруға және 10 млрд теңге «Бизнестің жол картасы-2020» шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруға.

Капиталдандыру

2016 жылы 44 млрд теңгеге Холдингті капиталдандыру жүргізілді, соның ішінде 20 млрд теңге ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жобаларды несиелеу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Арнайы резервінен алынды, үлесті несиелер 10 және 14 млрд теңгеден үлестік жарналарды кепілдеу тетігін жүзеге асыру және сәйкесінше тәуекелдерді сақтандыру құралдары арқылы шикізаттық емес экспортты қолдау үшін республикалық бюджет қаражатынан алынды.

Біздің әріптестеріміз

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі шетел және қазақстан инвесторларымен, халықаралық қаржы ұйымдарымен, даму институттарымен, халықаралық компаниялармен әріптестік қарым-қатынас орнату бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. Қазірдің өзінде Холдингті қорландырудың жалпы көлеміндегі мемлекеттік емес көздердің үлесі шамамен 60% құрайды, бұл орайда «Бәйтерек» стратегиясы бұл үлестің 2023 жылға қарай 80%-ға өсетінін болжап отыр.

Қарыздық қаржыландыру

Холдинг және оның еншілес ұйымдары облигациялар шығару және банктер мен басқа қаржы институттарынан қарыз алу нысанында қарыздық қаржыландыруды тартады.

Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар

(в млрд теңгемен)	2016 жылдың 31 желтоқсаны	2015 жылдың 31 желтоқсаны
АҚШ долларымен шығарылған еурооблигациялар	469,2	526,4
Қазақстан теңгесімен шығарылған басқа облигациялар	511,3	218,0
Ипотекалық облигациялар	29,8	39,0
Малазия рингиттеріндегі «Сукук-Аль-Мурабаха» ислам облигациялары	15,9	16,9
Барлық шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	1 026,3	800,4

Банктерден және басқа қаржы институттарынан алынған қарыздар (2016 жылдың 31.12. жағдай бойынша)

Қаржы институты атауы	Сомасы, млрд теңгемен	Жабу күні	Ставкасы, %	Валютасы
Тиянақты сыйақы ставкасымен алынған қарыздар:				
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	91,2	2018 – 2059	0,01-5,5	Теңге
HSBC Bank plc	15,9	2023	2,85	Еуро
JBIC Sumitomo Mitsui Banking	3,7	2019	3,25	Жапон йенасы
Қытай экспорт-импорт банкі	519,2	2019 – 2025	3,0-4,0	АҚШ долл.
Азия Даму Банкі	117,3	2019 – 2020	2,08-2,3	АҚШ долл.
«Қазақстанның халықтық жинақ банкі» АҚ	7,2	2017	8,20	Теңге
Барлық тиянақты сыйақы ставкасымен алынған қарыздар:	754,3			
Өзгермелі сыйақы ставкасымен алынған қарыздар:				
Sumitomo Mitsui Banking Corporation Europe Limited	9,9	2022	LIBOR+2,75%	АҚШ долл.
BTMU	3,3	2018	LIBOR+0,675%	АҚШ долл.
BNP Paribas	1,03	2018	Euribor+1,75%	Еуро
Қытай экспорт-импорт банкі	219,9	2023	LIBOR+3,0%	АҚШ долл.
Қытай Даму Банкі	151,9	2018 – 2025	LIBOR+1,1% - LIBOR + 4,9%	АҚШ долл.
Барлық өзгермелі сыйақы ставкасымен алынған қарыздар:	386,2			
БАРЛЫҒЫ:	1 140,5			

2014 жылы ЕҚҚДБ-мен Қазақстанда ШОБ дамытуға 200 млн АҚШ долларын, сондай-ақ «Даму» қорының толық коммерциялық кепілдігімен «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасын жүзеге асыру үшін 30 млн АҚШ долларын бөлу туралы шектелмелі келісім жасалды. 2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жалпы сомасы 190 млн АҚШ долларын құрайтын 6 келісімге қол қойылды, орналастыру сомасы 123,8 млн АҚШ долларын құрайды. ЕҚҚДБ кредиттік желісі бойынша қалдық 30 млн АҚШ долларына тең. Оны 2017 жылдың 30 қазанына дейін тарту жоспарлануда.

2016 жылы Холдинг, ХҚК, ЕҚҚДБ және KPPF арасында Өзара түсіністік туралы Меморандум жасалды.

Осы Меморандумның мақсаты индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды сүйемелдеу және жүзеге асыруға қатысты Тараптардың әлеуетті ынтымақтастықты талқылауы үшін негіз жасау болып табылады. 2017 жылы пилоттық жобалар ретінде жүзеге асыру үшін бір не бірнеше индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды, соның ішінде МЖӘ жобаларын айқындау жоспарлануда.

ЕҚҚДБ мен ХҚК жобаларының аясында әлеуетті арттыру, жобаларды, оның ішінде алдағы уақытта МЖӘ жобасын жүзеге асыруға қажет жаңа білім мен тәжірибе алу мақсатында Холдинг пен KPPF қызметкерлері оқытылатын болады.

Үлестік қаржыландыруға қатысатын ұйымдар

Қазына Капитал Менеджмент Холдингтің еншілес ұйымы ретінде компанияның жеке капиталына инвестицияларды жүзеге асыратын қорлардың қоры болып табылады (equity). Аталған қорлардың көп бөлігінің тең инвесторлары халықаралық инвестициялық ұйымдар болып табылады.

ҚКМ қоржынындағы актив қорлары:	Жалпы мөлшері, млн АҚШ долл.	ҚКМ қатысу үлесі:	Тең инвесторлар
Almex Baiterek Fund (ABF)	55,5	50%	АЛМЭКС холдингі
Baiterek Venture Fund (BVF)	37,9	100%	-
Russian-Kazakhstan Nanotechnology Fund (RKFN)	51,0		РОСНАНО, ВТБ Капитал және I2BF Global Ventures
Falah Growth Fund (FGF)	500,0	10%	«Ordabasy Corporation» корпорациясы мен Біріккен Араб Әмірліктерінің мемлекеттік инвестициялық компаниясы – Халықаралық мұнай инвестициялық компаниясы (IPIC)
Kazakhstan Infrastructure Fund (KIF)	60,8	100%	-
БАРЛЫҒЫ:	705,2		



Халықаралық іскерлік байланыстар

Холдинг халықаралық қаржы ұйымдарымен, мемлекеттік және жеке инвестициялық компаниялармен іскерлік байланыстарды дамыту бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді.

Ынтымақтастық меморандумдары немесе келісімдері жасалған ұйымдар

	Қытай	China Development Bank China Exim Bank China-Eurasian Economic Cooperation Fund (CEF) Bank of China CITIC Group, CITIC Capital Silk Road Fund Asia Investment Finance Group Ltd
	Жапония	Sumitomo Mitsui Banking Corporation (SMBC) Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ Nippon Export and Investment Insurance (NEXI) Japan Technology Group Inc
	Оңтүстік Корея	Korea Housing & Urban Guarantee Corporation Korea Trade Insurance Corporation
	Иран Ислам Республикасы	National Development Fund of Islamic Republic of Iran Islamic Republic of Iran Shipping Lines Bahrain Mumtalakat Holding Company
	Сауд Арабиясы Корольдігі	Islamic Corporation for the Development of the Private Sector Islamic Corporation for the Insurance of Investment & Export Credit (ICIEC)
	Филиппиндер	Asian Bank of Development
	Ұлыбритания	European Bank for Reconstruction and Development The Float Glass Consortium Limited
	Германия	Bausparkasse Schwäbisch Hall Claas Siemens Robert Bosch CAC Chemie-Anlagenbau Chemnitz DEG
	Польша	Bank Gospodarstwa Krajowego Polska Agencja Rozwoju Przedsiębiorczości KUKI
	Франция	BPI France Peugeot France COFACE Veolia Water Solutions and Technologies JSC
	Еуропа одағы	European Investment Bank
	Ресей	АО «Российский экспортный центр» Евразийский банк развития
	АҚШ	Stewart Engineers Messina Group Oppenheimer & Co. Blackstone Group Warburg Pincus Credit Suisse KKR Global Institute

Корпоративтік басқару және кадрлық саясат

Корпоративтік басқару принциптері

Холдинг өз қызметінде корпоративтік басқарудың әлемдік озық тәжірибелерін ұстанады.

Холдингтің еншілес ұйымдарында тиісті біліктілігі, халықаралық және жеке компаниялардағы жұмыс тәжірибесі бар тәуелсіз директорлардан, сондай-ақ басшылық құрам қатарындағы Холдинг өкілдерінен тұратын директорлар кеңестері құрылған.

Даму стратегиясын жүзеге асыру мәселелерін талқылау мақсатында Холдинг басшылығы еншілес ұйымдардың тәуелсіз директорларымен ұдайы түрде кездесулер өткізіп, сондай-ақ жыл сайын еншілес ұйымдардың ДК-і өз жұмысын бағалайды.

Холдингте және оның еншілес ұйымдарында Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесі қолданылады. Оған «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-мен Ынтымақтастық туралы меморандум аясында қол жеткізілді. Аталған әдістеме корпоративтік басқару құрылымы, мүдделер қақтығысын реттеу, директорлар кеңестері жұмысының тиімділік факторлары, тәуекелдерді басқару, ішкі аудит, айқындылық жүйелерімен қоса халықаралық тәжірибеде қарастырылған барлық құрамбөліктерді бағалауға мүмкіндік береді.

Холдингте корпоративтік дауларды және мүдделер қақтығысын дер кезінде реттеу үшін іскерлік әдеп Кодексі қабылданып, омбудсмен тетігі енгізілді.

Ұйым қызметінің стратегиялық мақсаттарына және негізгі стратегиялық көрсеткіштеріне қол жеткізілуіне қарай директорлар кеңестері мүшелерін және атқарушы органдардың басқарушылық құрамын сыйақыландыру жүйесі жұмыс істейді.

Тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесі, стратегиялық және орта мерзімді жоспарлауға орталықтандырылған тәсілдеме енгізілді.

Кадрлық стратегия бекітіліп, кандидаттарды конкурстық іріктеу енгізіліп, кадрлық резерв бағдарламасы жүзеге асырылуда. Қызметкерлердің қатысу деңгейіне ұдайы түрде зерттеу жүргізілуде.

Стейкхолдерлер картасында мүдделі адамдардың ортасы айқындалып, Холдинг қызметі туралы қоғамдастықтың хабардарлық деңгейін арттыру бойынша жұмыстар атқарылуда.

Бәйтерек Холдингінің 2014–2023 жылдарға арналған жаңартылған Стратегиясын жүзеге асыру шеңберінде жауапкершілікті еншілес ұйымдар деңгейіне тапсыру және олардың дербестігін арттыру мақсатымен Холдинг пен еншілес ұйымдардың функцияларын қайта бөлу бойынша жұмыстар басталды.

Холдинг тиімділікті арттыру мақсатында шектеулі функциялар жинағымен (соның ішінде қазынашылық/қорландыру, қоржын деңгейінде тәуекелдерді басқару, мемлекеттік органдармен ынтымақтасу функцияларымен) орталықтандырылған басқаруды іске асырмақ, ал қалған функциялары еншілес ұйымдарда корпоративтік басқарудың күшейтілген жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте директорлар кеңестері даму стратегиясын айқындау және мақсатты ҚНҚ орнату; басқарманы тағайындау және оның жұмысын бағалау; бюджетті, инвестициялық жоспарлар мен ірі мәмілелерді мақұлдау сынды стратегиялық мәселелерге жұмылдырылады. Еншілес ұйымдардың басқармалары, өз кезегінде, стратегияның жүзеге асырылуына және мақсатты ҚНҚ жетістіктеріне жауапты болады.

Процестерді автоматтандыру күшейтілмек әрі бірыңғай клиенттік дерекқорды (CRM-жүйесін) енгізумен қатар сандық шешімдер жүзеге асырылмақ. Бұл Холдинг пен оның еншілес ұйымдарындағы өтінімдерді қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

Холдинг Қазақстан үшін дамыған 30 елдің қатарына қосылу жолындағы негізгі бағдары болып табылатын ЭЫДҰ-ның корпоративтік басқару принциптеріне сәйкес болу мақсатында ары қарай корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін енгізу және жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырмақ.


Акционер туралы мәліметтер

Холдингтің жалғыз акционері заңнамамен және Холдинг Жарғысымен жалғыз акционер құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдайтын ҚР Инвестициялар және даму министрлігі тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады және ҚР ИДМ уәкілетті адамдарының бұйрығымен ресімделеді.

Холдингті басқару органдарының жүйесі

- жалғыз акционер – Холдингтің жоғарғы органы;
- директорлар кеңесі – басқарма қызметін жалпы басқаруды және бақылауды жүзеге асыратын басқару органы;
- басқарма – Холдингтің ағымдағы қызметін басқаратын алқалы атқарушы органы;
- ішкі аудит қызметі – Холдингтің қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды, тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару саласында бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылауды және Холдинг қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын орган.

Корпоративтік басқарудың ұйымдық құрылымы



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Холдингтің Директорлар кеңесі 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша он директордан тұрады, оның үшеуі тәуелсіз болып табылады.

Директорлар кеңесінің мүшелері



БАҚЫТЖАН САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Директорлар кеңесінің Төрағасы.



АСҚАР МӘМИН

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары, Директорлар кеңесінің мүшесі.



ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, Директорлар кеңесінің мүшесі.



ЖЕҢІС ҚАСЫМБЕК

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі.



БАҚЫТ СҰЛТАНОВ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі.



ҚУАНДЫҚ БІШІМБАЕВ

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі.



ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.



КЛАУС МАНГОЛЬД

Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.



ТОМАС МИРОВ

Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.



ФИЛИПП ЙЕО

Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.

2016 жылдағы Директорлар кеңесінің отырыстары

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ директорлар кеңесінің 2016 жылдағы отырыстары 2015 жылдың 19 қарашасында бекітілген (хаттама №10/15) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі түрде өткізіліп отырды. Сондай-ақ қажеттілігіне қарай Директорлар кеңесі кезектен тыс отырыстар өткізді.

Есепті кезеңге 10 директорлар кеңесі отырысы өткізілді, оның 6 отырысы іштей және 4-еуі – сырттай өтті. Жалпы алғанда Директорлар кеңесі 73 мәселені қарады.

Қабылданған шешімдердің маңыздылары:

- Бәсекеге қабілетті ортаға табыстауға жататын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының тізбесі бекітілді (2016ж. 26.01. № 01/16 шешім). Аталмыш тізбеге «Технологиялық даму ұлттық агенттігі» АҚ, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ және «ҚазЭкспортГарант» экспорт-кредит сақтандыру корпорациясы» АҚ (бүгінде - «KazakhExport» ЭСК» АҚ) сынды компаниялар кірді.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі Комитеттерінің құрамына өзгерістер енгізу жөнінде шешім қабылданды (2016ж. 18.07. № 07/16 хаттама мен 2017ж. 30.09. № 08/17 хаттама). Сонымен, Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің құрамына тәуелсіз директор Томас Миrows, ал Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің құрамына – Директорлар кеңесінің мүшесі Жеңіс Қасымбек пен Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі Ерболат Досаев қосылды.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшелерін сайлау жөнінде шешімдер қабылданды (2016ж. 18.07. № 07/16 хаттама мен 2016ж. 30.09. № 08/16 хаттама).
- 2015 жылдың жылдық қаржылық есебі (шоғырландырылған және жеке) алдын ала бекітілді (2016 ж. 25.05. №06/16 хаттама).
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарымен мүдделілермен мәміле жасасу туралы бірқатар шешімдер қабылданды.

Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті

Аудит комитеті 2013 жылғы 25 қыркүйекте Директорлар кеңесіне Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметіне тиімді бақылау жүйесін орнықтыру (оның ішінде қаржылық есептің толық әрі шынайы болуы), ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелеріне сенімді де тиімді бақылау жүргізу, сондай-ақ корпоративті басқару саласындағы, сыртқы және ішкі аудит тәуелсіздігін бақылау жөніндегі құжаттардың орындалуы туралы ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылған.

Комитет құрамы:

- Томас Миrows – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Клаус Мангольд – тәуелсіз директор, комитет мүшесі.

2016 жылы комитет 4 іштей және 3 сырттай отырыс өткізіп, 32 мәселені қарады.

Қабылданған шешімдердің маңыздылары:

- 2016 жылға «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуекелдері мен бақылаулары матрицасы қаралып, мақұлданды.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексі принциптеріне еру туралы есептеме қаралды.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да Сыртқы аудитті ұйымдастыру саясаты қаралып, мақұлданды.
- Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау жүйелерінің жағдайы туралы есептер жүйелі түрде қаралады.

Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті

Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 2013 жылғы 25 қыркүйекте Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында, Директорлар кеңесінің құзырындағы мәселелерді тереңірек қарастыру, мониторинг жүргізу арқылы кадр саясаты саласындағы, тағайындаулар мен сыйақылар белгілеудегі қызметтерді, сондай-ақ жалпы алғанда Директорлар кеңесі мүшелерінің, Холдингтің Басқарма мүшелерінің, ішкі аудит қызметінің, корпоративті хатшының және жекелей алғанда Холдингке жұмысқа тартылатын шетелдік мамандардың қызметтерін бағалау үшін құрылды.

Комитет құрамы:

- Клаус Мангольд – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Филип Йео – тәуелсіз директор, комитет мүшесі;
- Томас Милов – тәуелсіз директор, комитет мүшесі.

2016 жылы комитет 7 іштей және 1 сырттай отырыс өткізіп, 15 мәселені қарады.

